Алаш халқ: ұлттың рухын биіктеткен үкімет бағдарлас.
Қазақтың бес арысының басшылығымен Орынборда II съезде 1917 жылы Алаш Орда үкіметі құрылды. Алаш Орда үкіметінің басты алған халқ Ресей мемлекетінің қазақ даласына жүргізген саясатымен отарлау іс-әрекеттерін тоқтату еді. Қазақ елі сол жылдары бірге Ресей мемлекетінің өзіне тәуелді келді, тікелей осыған байланысты ұлт-азаттық көтерілісі жүргізілген еді. XVIII ғасырдан бастап қазақ даласына бекіністер және әскери бекіністер салына бастады. Осы ретінде келтіретін болсам 1716, 1718 жылдары Омбы және Семей бекіністері салынды. Ресей империясы бір жағынан жоңғарлардан, бір жағынан қазақтардан бұл бекіністің арқасы шешім енгізілген бейнелі бір мақсатқа қолданылатындығын айтып ендіріп жүрді. Кейіннен бұл іс-әрекет наразылық тудырып, ұлт-азаттық көтеріліске жалғанды. Атап айтатын болсақ XIX ғасырда қазақтар өз жерлеріне өздері иелік ете алмай қалды. Көшпелі жүрген қазақтар олардың көші-қонына тыйым салынды. Сондай да бір жағдайда оқу бастамасына рұқсат алу күрес болды. Қазақтың жеріне етік-етігін жару үшін арнайы алым-салық түрлері енгізілді. Жер мәселесі бойынша, алым-салық, реформа, сот жұмыстарын жақсарта беретін жүргізу үшін 1822 - 1824 жылдары реформа жүргізілді. 1822 жылы Сібір қырғыздары (қазақтары) деген реформасы жария шықты. Авторы Сперанский болды. Яғни бұл қазақ жеріне жүргізілген жаңаша саясаттың бір түрі еді. Бұл реформаның негізгі мақсаты Орта жүздегі хан билігін жоюға бағытталған еді.
Орта жүздегі хан билігін жою деген бекітілген тарихта есімдері аталып жазумен қатар қайраткерлерді ерекшелеуменен тең еді. Бұл қайраткерлерінің наразылығын тудырған кезең болды. Алайда жаңа билік жүйелік құрылымда қорғауда өз жүйесі еді.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором kaz-11-17

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Ханның билік әділ және тиімді түрде шешім шығара білетін. Билік білгендер қайраткерлерді үйреткен, өз ұстаздарын мен ағаларының жолындағы біздің - бір мақсаттары болды. Халқын оқыту жолдарын қазақтар үшін алаштар жолдарымен тең еді. Қазақ даласында қандай дінді ұстанған жолдар дінге алып жақсының тұрған қайраткерлер болуын оқыра алмады. Кейінгі қазіргі таңда мұғалімге ел есінде ақ таластың қазақтың бес ұлы дін көшбасшысы шықты. Олар: Ә. Бөкейханов, М. Дулатұлы, Т. Рысқұлов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынұлы. Және қазақтың ұлы ақын: Б. Майлин, Жансүгіров Ілияс, С. Сейфуллин. Ол біліктілер дін оқудың өзінде үлкен мән жасады. Қазақ даласындағы ұстанған жолдарда Тыныштың жолы, діни қарау өзінің ерлігі мен батырлығының көрсеткен халық ұлы ақын ғылыми қайраткер ретінде есте қалды. Ұлы біліктілер бір жолда қаза тапты. Тәуелсіз мемлекет болып отырғанымызға өз ата-бабаларымыз үлестерімізге, олардың қиыншылықтан кейінгі тыныш ұрпаққа қалдырып кеткен қазақтың алаш қайраткерлері еді. Алаш қайраткерлері тек өз заманын ғана емес қазіргі заманды да үлгілерін көрсетіп тәуелсіз мемлекетке жаңадан жалпы саясат жүргізді. Олар саясатта қарсы күрескен және қарсы шығармаларға үлкен тұрақтылық жасады. Халықты оқуға рухын күшейтуге зор еңбек қайраткерлері өзіне үйретіп жіберді. Алаш жазы біздің ұлттың рухын мықты білімдерге үлкен іс қалдырған еді. Ұлттың рухымызды оятып, өз еліміз бен жеріміздің біз үшін, келешек ұрпақ үшін, бүгінгі таза өткен қайраткерлерімізбен ата-бабаларымыз үшін тыныш мықты болашақ күрескені. Олардың негізгі миссиясы қазақ жерін құруға, басқа мемлекеттің жағында кетпеуін қалады, және салт-дәстүр жоқ жасады. Тәуелсіз мемлекет болуымыз өз алдымен Алаш жолының соңғы еңбегін үлгілеуіміз керек. Қайраткерлерге алғыс айту ешқашан кеш емес еді.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

„Жалған дүние" және Өмірзая"

„Жалған дүние" және „Өмірзая" романдары адам тағдырын бейнелеген романдар. Мұнда адамның бастан өткен жағдайының қаншалықты қиындығын айтады. Өз жақындарынан айрылып, өздерінің балалары үшін өмір сүргендерін айтады. Бұл романдардың жазушылар олардың басынан өткен қиындықтарын құпияға толы күрделі сөздерімен жазған.

„Жалған дүние" романында Қансұлудың күйеуінен айрылып, балаларының қасында өзі жалғыз қалғанын, балаларының қасында қалғанмен қоса өзінің ауруын жүргеніне қарамай, олар үшін өмір сүруге тырысты. Бұл ауруға үйреніскендігі кеткені соншалық, емдеу жайлы ойламайтын. Кейіннен оған дәрі ексе де ауруының жазыла түскенін байқап, бір жүктен арылғандай болады. Бірақ балалары өсіп жан-жаққа кеткенде, ал оған Қансұлудың қайғысы күйеуінің көрсетеді. Сонымен баласы мен келіні, немересі болды. Қансұлу әрдайым „өлсем, өз үйімде өлемін" дейтін. Бірде өз үйінде тауға таман өзінің қалаға кеткен Бөпенайын көреді. Бөпенайын көпшілік ортасында жүргенін көріп „Құлыным-ай, сенде бәрі жақсы екен ғой, көпшілік ортасына араласасың ғой. Енді өлсем де арманым жоқ" деп тұрғаны сол еді. Бірде бәрі кенеттен ұшып кетеді. Жан-жақ у-шу. Бәрі қашып жатыр. Мылтық па әлде сарбаздар ма жан жақтан адамдарды ұстап, қолдарын қайырып, алып кетіп жатыр. Ал Бөпенай бала ортада екі езуі құлағына жетіп, мұз болып тұр. Оны қаш дегенде қашпай тұрған жерінде екі мылтық Бөпенайды алып кетеді. Қансұлу бұл түстен кейін өмірден өткенін көрсетеді. Ауыл ақсақалдары, қыз-келіншектер, балалар, ауыл әлінше үйіне көңіл айтып, асын береді. Сондағы Қансұлудың өлімі оларды



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

ойтау етті. Ол өлерде төсектен жерге құлағанын айтады. Және оның түрі суық, қабағын шытып өмірден өткен. Сондағы мазалаған сұрақ: Неге, кімге өлер алдында сонша қатты реніші екен, не уайымдатты екен дейді.

Бірақ Жансұлудың бұл өмірден реніштіндегі жағдайларды басынан өткерді. Күйеуі „Халық жауы" атанды. Өзі „Халық жауының әйелі" атауымен ешкімнен жақсылық көрмеді. Күйеуінен айрылды тағы басқа да қиыншылықтар көрді.

Қорытындылай келе, Жансұлудың бұл түсті бекерден-бекер көрмегені анық. Таңғы түс шындыққа келеді дегендей, Бопекайда да бекер көрмегені анық. Бопекайда еш хабарсыз кеткенін сәйкестігін байқауға болады. „Жаман дүние" деп аталуы да бекер емес. Енді жақсы бақыт тапса да, тек жамандығын көрді. Оған опасыздық жасаумен, қатыгездік көрсетумен өткен өмірі осылай аяқталды.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

Алаш жолы: Ұлттық рухты биіктеткен ерекше көзқарас

Алаш жолы - бүгінгі таңда жетіп отырған ұлы жетістігіміздің бірі. Алаш партиясы 1917 жылы Орынбордағы II съезінде құрылды. Жетекшісі Әлихан Бөкейхан болып сайланды. Алаш жолы ұлттық рухты биіктетіп, еңсемізді көтерген ерекше жол болды. Алаш жолындағы ерен еңбектің арқасында бүгінгі таңда міне егеменді ел болдық.

Алаш жолындағы қиыншылықтар әрине біздің басымызға келмеген. Алайда сұрапыл сол соғыс заманы болған. Қазір заман талабында, адамдарда өзгерді. Біздің осы күнге дейін жеткен ерендей еңбектер міне қазіргі бостандық, еркіндік, бейбіт, азат өмірімізге алып келді. Әрине заман талабына сай өзіндік тартыс, қиыншылық болады. Бірақ бұлардан да өттік. Алаш жолында құрбан болғандар қазіргі біздің жастарға сеніп, үлкен үміт артып, зор сенім қалдырған. Жетістігіміз тек алаш пен шектелмейді. Сондай-ақ ең үлкен жетістік біздің Тәуелсіздік алғанымыз. Біз бұл жолда да қаншама қиыншылықты шеккердік. Сол заман-дағы жастар, студенттер қазақтың намысы үшін, аянбай тер төкті. 1986 жылы болған бұл оқиға қаншама адамның жүрегіне жетіп, көздеріне жас алып бұл жеңістің мақсат-ын түсінді. Бұл кезеңдегі болған



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором | Каz 11-15

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

оқиға Дінмұхаммед Қонаевті сол басшылықтан қуылудан басталды. Қонаевті қуылып орнына орыс адамын бекіткен. Ал жастардың наразылыға қазақты қазақ басқарсын деген ұран еді.

Дәл осы жолда жастар тіптен даланың суық боранына да қарамады. Тіптен кейбір жастар орыс әскерлерінің қыздарға көрсетіп жатқан қорлығына деген ашу-ыза болды. Соңы дәл осылай қастық пен бітпейді әрине біз 5 жылдан кейін яғни, 1991 жылы 16 желтоқсан да өз Тәуелсіздігімізді алып, азат ел болдық. Міне дәл осылай әрбір ұлы жеңістің өзіндік осылай ақиқат шындығы, жемісі болады. Алаш жылында да осындай бір соңы ұлы жеңіспен аяқталатын жыл болды. Қосымша Алаш жылына айта өтетін болсақ, 5 қазақтың бес арысы: Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Ахмет Байтұрсынұлы, Тұрар Рысқұлов, Ілияс Жансүгіров сталинге хат жазады. Алаш орданың мақсаты: Ресей мемлекетінің қазақ жеріне отаршылдық арқылы көз тігу. Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» атты шығармасында да Сталинге, Голощекинге хат жазу. Ол хатты бастап жазатын, бесеудің басын қосатын Міржақып Дулатов. Тек бұл емес, тіпті Міржақып Дулатов қазақтың есеп-қисабын, қазақшаны - орысшаға аударған дәл осы Дулатов. Дәл осылай әрбір қиындық соңында бір ұлы жеңіс. Желтоқсан оқиғасының да, Алаш оқиғасының-да ұлы жеңіспен аяқталады.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять
ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
Scanned with CamScanner

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

4. Алаш жолы: ұлттық рухты биіктеткен ерекше көзқарас.

Рух адамға күш қуат беретін ерекше жол. Алаш жолының құндылықтары өте жоғары. Ертеде алаш жолы құрылмай тұрып, біздің рухымыз өте төмен болды. Сонымен қатар ол кезде тәуелсіздік пен бейбітшілік заман болмады. Бейбіт ел болу үшін рухымыз әрдайым биік болуы тиіс. Біз болашақ ұрпақ, соған үлкен үлес қоса алуымыз керек. Ертеде ата-бабаларымыздың ұстанған салт-дәстүрлерін, келешек ұрпақ еш жоғалтпай қайтадан келе жатырмыз. Бейбіт елді сақтап қалу үшін талмай еңбек етуіміз қажет. Бұл жолда барлық адам атсалысып, ұлтына қажет деп ойлаймын. Әрине, болашақ ұрпақ жастардың қолында, ол жолда дұрыс жолға салушы, бағыт-бағдар беруші үлкендеріміз.
Ата-әжелеріміздің айтқан ақылдары бізге ерекше рух сыйлайды. Мақсатқа жету әрине қиын. Бірақ талмай еңбек ету үлкен жетістікке жеткізеді. „Оқу инемен құдық қазғандай", демекші оқыған адам кедергіге ұшырамай, өз жолында түзу жүре алады.
Алаш жолында талмай еңбек еткен тұлғаларымыз бар. Ол кісілердің есімі біздің өмірде ерекше орын алуы тиіс. Ол кісілердің қосқан үлесі, жасаған жетістіктері, біздің рухымызды асқақтатып тұр. Өмірден ерекше орын алған адам, білім жолында үлкен жетістікке жеткен адам деп ойлаймын „еңбектің наны тәтті" деп ата-бабаларымыз бекер айтпаса керек. Таза жолмен маңдай терімен тапқан табыстың да берер пайдасы мол. Ел үшін елімізге қызмет жасау үшін, білімді ойымыз кеңейіп болғаны абзал. Сонда ғана рухымыз биік тұрмақ. Тәуелсіз ел, тұлғалы мәңгі екен болу біздің қолымызда.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



Scanned with CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором kaz-11-14

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором: kaz 11-13

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

„Қалған дүние" және „Өмірзая" романдарындағы адам тағдырының бейнеленуін салыстыру.

Шығармаларда сол кездегі әділетсіз қоғам бейнесі, рухани тоқырау, ел арасындағы теңсіздік туралы ой қозғалады. Осындай заман мәселелерінен зардап шеккен халықтың жағдайы шығарма кейіпкерлері негізінде көрініс тапқан.

Осындай мәселелердің бірі „Өмірзая" романындағы пәтер мәселесі мен қазақ халқына деген әділетсіздік. Шығармада Аязан өз отбасысымен Тамар шалдың пәтерін жалдап тұрады, алайда үй иесі оларды болмайтын себептерімен пәтерден қуып шығады. Осы бір әділетсіздікке ашуланған Аязан: „Егер біреу қазақтар туралы кітап жазса, оны ұлтшыл, намысшыл деп түрмеге жабар еді"- деп күрсінеді.

Осы секілді көптеген мәселелер мен қоғамның ащы шындығы шығармалардағы кейіпкерлердің тағдырына қалай жер еткенін байқауға болады.

Менің ойымша „Қалған дүние" және „Өмірзая" романдарында көтерілген мәселелер сол кездегі халық жағдайының ауырлығын көрсетеді.

Қорытындылай келе, „Өмірзая" мен


ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
Scanned with CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором | Каz 11-13

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

„Мылқан дүние" романдарындағы мәселелер мен адам жандарының бейнеленуін салыстыру арқылы сол кездегі халықтың жағдайымен біле аламыз.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

„Бесатар" повесіндегі заман бейнесі және қаламгерлік шешім.

Қазақ халқында, тарихында әдеби шығармалардың ішінде, ерекше орын алатын шығармалардың бірі - бұл „Бесатар" повесі. Бұл повесть жалпы Кеңестік одақ кезеңіндегі халық-тың ауыр тағдырын, тарихи шындығын ашып көрсетеді.

Жалпы повестегі заман бейнесі, еліміздің отарға айналып, Кеңес одағына бағыныштығы болғандығы, халық-тың ауыр тағдырын жеткізеді. Ондағы әрбір кейіпкер оқырманға психологиялық әсер қалдырады. Автор кейіпкерлер арқылы қазақ тілінің маңызын да шебер көрсете білген. Сонымен қатар автор „Бесатар" қару-жарағы арқылы символды қолданған. Яғни „бесатар" шығармада символ ретінде қолданылған. Мысалы, Крейтель мен Иноземцев қазақ тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жетік білген. Автор адамгершілік қасиетті де шығармасында көрсетіп, қандай ұлт өкілі болмасын өзге елдің жеріне құрмет көрсетуі керек екенін дәріптейді. Бұл тұста шығарманың орыс офицері Крейтельдің Голощекинге сұрауларды атуын бұйырған тұстан бойсұнушылықтан тайды. Голощекин өзге ұлт өкілі бола тұра, өзінің тұрған елін, жерін сыйлап, сұрауларды атуға жол бермейді. Алайда сол кездегі заманның шындығы сондай, ал ол өмірінен де айырылады. Менің ойымша осы тұста автор болашақ ұрпаққа үлгі (үлгі) ретінде көрсеткен.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

Ал шығармадағы қаламгерлік шешімге келетін болсақ, автордың негізгі шығармадағы негізі қазақ халқының сол кездегі бодандығы мен ұлттың тағдырын суреттеу. Ел, жері үшін Кеңес үкіметіне қарсы тұрған, көтеріліс жасап, халқын ойлаған, сол жолда құрбан болған адамдардың да ерліктерін көрсете білу. Шығарманы оқығанда әрбір адам өзін сол кездегі расымен көргендей, сол кезеңге барғандай сезінеді. Бұл автордың шығарманы ерекше жазғандығында, әрбір көркемдік тәсілді шебер қолдана білгендігінде. Сол себепті шығарманың ұлттық құндылығы, тарихи шындығы мен көркемдік құндылығы біз үшін маңызды. Яғни бұл шығарманың ұлттық құндылығы - Кеңес үкіметі кезеңіндегі қазақ халқының тағдыры, қазақ тілінің маңызы және ұлты үшін күрескен адамдардың тағдыры.

Ойымды қорытындылай келе, „Бесатар" повесін заманның ащы шындығын көрсете білген, тарихи маңызы терең құнды шығарма деуім келеді. Мұндай шығармалардың тарихи маңызы зор болғандықтан, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтау біздің басты міндетіміз деп ойлаймын. Әрбір оқырман шығарманы оқи отырып, ұлы ерлік тұстарды, ұлы есте екен деймін.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
Scanned with CamScanner

Жалған дүние.

Ең алдымен біз „Жалған дүние" романның талдап, қысқаша мәлімет беріп кететін. Жалған дүние романының басты кейіпкері Хансұлу. Хансұлудың бұл өмірге деген өкпе, ренішімен о дүниелік болғаны туралы.
Біздің бұрынғы замандар да әйгілі әйел тағдырын қиын болған. Әйел тағдырлары туралы көптеген шығарма, романдар бар. Оның бірі „Жалған дүние" романы Хансұлудың тағдыры Қазақ әйелдері бар өмірін жан-жары, бала-шағам деп өткізеді. Хансұлу да өз өмірін баласына, күйеуіне арнаған. Хансұлу ерте жасынан жесір қалады. Күйеуінің өмірден озғаны оған ауыр тиеді. Жалғыз қызынан да айырылғаны екі ең жақын адамынан айырылған да ол есін жоғалтуға аз қалады. Сонаймен ол өзінің туып өскен аймағына көшіп келеді. Себебі оның көзіне күйеуі сәбиі қайта-қайта елестейді. Сонда көшіп барсам сол болсын ұмытармын деп ойлайды. Хансұлу кеш батып ұйқыға жатар кезінде сәбиін, күйеуін ойлайды. Сонау ұйқыға кеткен де түсіне сәбиі кіреді. Ол оған төсектен тұрып жақындай бергенде есінен танып көз жұмады. Ол сол бір сәтте қаншалық шынтуайт, өмірге көп көптеген өкпесі бар болып кетеді. Хансұлу дүниенің „Жалған" екенің өлер алдында түсінеді.
Хансұлуды іздеп келгендер оның о-дүниелік болғанын көріп жоқтау айтады. Оның қабағы шынтуайт болған түрін көріп өмірге қандай өкпесі болды екен деп біз біраз ойланады туыстары.



ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

Екінші романның „Өмірзая" романы. Бұлда бір қайғы-қасіреттің есебінен адамның өмірге деген риза еместігі туралы. Өмірзая - зая деген адамның өмірге деген Өмірзая - зая дегеніміз бір нәрсені зая қылу, қадірлемеу. Ал „Өмірзая" өмірді бағаламай Алланың жазып берген жасына шүкір етпей, уақытын пайдалы өткізбей өмірді бір босқа өткізіп өз уақытын, өмірді босқа зая қып жатқаны. Өмірге келген уақытынан бастап әр күнің, сағатына дейін бағалау керек. Сонда өмірің зая болмайды. Өмірге келген соң әйтеуір бір пайдасын тигізіп кет. Өмір ешқашан да зая болмайды. Өмірді пайдалы істермен айналысып өткізсең.

Екі романды салыстырсақ „Жалған дүние" „Өмірзая" роман екеуінде аса қатты айырмашылық жоқ Бұл дүние жалған қанша - қуансаң өмірдің түбіне жете алмайсың. Себебі бұл өмір солай берілген. Дүниені қанша қуансаң жете алмайсың дейді. Бірақ ол сөздерден тоқтап қалмау. Өмірді зая қылмай арман- мақсаттарыңа сол болсын жету үшін ұмтылу керек. Бұл өмірге келген соң өміріңізді зая қылмау керексіз. Әрине өмірзая қылмау ол өзіңіздің қолыңызда. Өмірге келген соң еш өкпесіз сол Құдай жазған өмірге риза болу керек. Недегенмен бұл бұл дүние „жалған".

„Жалған дүние де" бәрі мәңгі емес.


ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

Алаш жолы: ұлттық рухты биіктеткен
ерекше көзқарас

Алаш жолы. Алаш бізге ұлттың құрылуына, оянуына зор үлесін қосқан. Қазақтың осылай ұлт болып сақталуына әсер еткен бірден-бір үлес. Қазақ елінің рухын асқақтатқан, ұлттың көзін ашқан, ұлттың санасын оятқан осы Алаш. Қазақтың қазақ болып сақталуы да осыдан. Кешегі өткен Тәуелсіздігімізде осыдан бастау алған. Алаш бұл бізге берілген ең үлкен мұра, қазақтың оянуына, мал базын, сол қараңғылықта қалып кетпесін, қазағымның көзі ашылсын деп құрылған үлкен ұйым. Қазақтың оянуы, қазақтың қазақ болып отыруы да осы Алаш ұйымының арқасында.

Дәл осы Алаш ұйымының құрылуына зор үлес қосқан, өздерінің маңдай терлерін төгіп, қазақ оянсын деп талмай, тынбай еңбек еткен тұлғаларымыз көп. Солардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы, ол кісі сол замандағы балаларға кітап жазып, әліппенің негізін қалаған, сауатын ашқан ең биік тұлға. Тағы айта кетсем, алып тұлғалардың бірі Әлихан Бөкейханов. Ол кісі осы Алаш ұйымының құрылуының бірден-бір себепкері. „Мен жастарға сенемін" - деп үнін артып кеткен ең биік азаматымыз Міржақып Дулатұлы. Ол кісінің сол заманда жазған әрбір еңбектері, әр қазаққа рух беріп отырады. Осы алып тұлғаларымыздың арқасында біз тәуелсіз ел болып отырмыз.

Сол замандағы Патша үкіметінің қитұрқы әрекеттері, қазақ надан халық болып қалсын деп жасаған әрбір зияны өте көп. Біздің алып тұлғаларымыз бұған қарамастан,


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

Ол нәрсеге мойынсұнбай жасаған әрекеттері біздің халық болып отырғанымыздың бірден-бір себебі. Ал патша үкіметі сол жасаған әрекеттері үшін қаншама тұлғаларымызды қыр-шынан қиды. Кейбірі аман қалып, соңынан ақталып шықты. Ал кейбірі ату жазасына кесіліп атылып кетті. Талайы осының құрбаны болды. Осы заман бізде тарихта да жиі айтылады, жиі қозғалады.

Ал біз жастар, келешек ұрпақ осы аталарымыздың айтып кеткен әрбір сөзін, әрбір әрекетін ұғып түсінуіміз қажет. Сол кісілердің ұлт үшін арнап кеткен, ұлы армандарын орындауға тырысуымыз керек. Әрбір қазақ жалғызым демеуі, әр қазақты өз бауырларымыздай көру қажеттіз. Сонда ғана қазақ елі ең мықты ел бола алады.

Қорытындылай келе, Алаш ұйымы ұлттық рухы асқақтаған, биіктеткен қазақ халқының алтын діңгегі. Ұлттық ұлы болып саналуына үлесін қосқан, өз жандарын құрбан еткен тұлғаларымыз мәңгі ел жадында. Оян Қазақ!



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

„Бесатар" повесіндегі заман бейнесі және қаламгерлік шешім.

Мен білетін „Бесатар" повесі рухты биіктететін, оқығанда биікке самғап ұшқың келетін, қаламгердің қолынан емес, жүрегінен шыққан декше туынды. Сонымен қатар „Бесатар" повесі- тек қарудың ғана аты емес, ол тұтас бір дәуірдің символы. Шығармада 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістері (пен саяқат саясаттың зардабын шынайы бейнеленген) оқиғаны үлкен дүрбелеңмен көрсеткен. Сол заманға осы туындыны оқи отырып, тап бір естке тап болып, бойыңды қорқыныш пен мұң басады. Мен осы шығарманы оқи отырып, тура бамыша бір есте кітаптан көзімді ала алмадым. Және сол сәт менде ғана емес деп ойлаймын.

Повестегі заман бейнесі - аласапыран, әділетсіздік және үрей заманы. Ел ішіндегі қорқыныш пен сенімсіздік ұялаған шақ. Жазушы халықтың тек сыртқы жауымен ғана, ішкі сатқындықпен де күрескенін шебер жеткізеді. Жазалаушы отрядтардың іс-әрекеті арқылы сол кездегі империялық саясаттың сұр беттердегі ашылады. Сонымен қатар Шерхан Мұртазаның жазушылық шеберлігі осы детальдардың қолдануынан көрінеді. Оның ішінен бесатар символы: мылтық - білік пен күштің нышаны. Туындыны көркемдеп, атауын нақтылап, повестегі болатын жағдайларды шебер атына білеміз. Яғни менің айтпақ кеткім келген заман бейнесі - бейбақшылдық. Сол бір сәтті еске алып кетсемші, Шерхан Мұртазаның не айтқысы келетінін еске алайықшы „Тәуелсіздік аңсағандар". Қаншама үлкен-кіші, бай-кедейдің барлығының тек бір нәрсе жетіспеді- өз жері. Өздерінің сазан езбектен тапқан мал-мүлкі тек өзіне ғана жарап тұрсыншы деп тілейді.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором: kaz 11-09

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Өзіміздің бала-шағамыз кең далада ойнап жүрсін деп қалайды және ол армандары орындалады. Балалар жазық далада еш қорықпай ойнап жүр, өз талғамдары-мен аңсағандай қалай көреміз. Бірақ бір өкініш олар бұл бақытты сезіне алмайды. Балалардың айтуынша төмені „қиын еңбекпен келген жерді алма" деп түйінделу. Заман бейнесі адамзаттың қараңғы баса, кейіпкерлердің ішкі жарығы мен бостандыққа деген ұмтылыс ізгілігін жарқын көрінеді..

„Бесатар" - тарих пен қоғам әдебиетінің тоғысқан жері. Шерхан Мұртаза заманның шын бейнесін нақсанбай жаза отырып, ұлттың намысы пен адамдық қасиетті ту етіп ұстау керектігін қаламгерлік шеберлік ретінде ұсынады.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

„Алаш жолы: ұлттық рухты биіктеткен ерекше көз қарас"
Расында алаш жолы елдің қиын-қыстау кезде рухын көтеріп, оған дем берген болып саналады. Алаш жолы кезінде құрылған „Алаш партиясын" мысалға келтіруге болады. Сол уақытта болған зиялылардың қаншама еңбектерін айтуға болады. Ұлттық рухтың көтерілуі, осындай деңгейге дейін жетуі алаш жолында орын алды. Жігітке жеті өнер де аз деп жатады. Оның дәлелі ретінде алаш зиялыларын ұсына аламын.

. Мен басында бастап кеткенімдей, қозғап кеткенімдей „Алаш партиясы" құрамында болған Ә.Бөкейхан; А.Байтұрсынұлы; М.Дулатұлы т.б. зиялыларымыз бар. Әр қайсысы жалғыз тарихқа я болмаса бір әдебиетке көңіл бөлмеді. Керісінше жан-жақты болды. Өз аттарын әрі еңбектерін тайға таңба басқандай етіп кетті. Әдебиетке Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлы жастарды білімге, ізденіске шақыратын өлеңдер жазып кетсе; М.Дулатұлы жастардың патриоттық сезім оятатын (өлең) „Оян, қазақ!" өлеңін жазды. Ал-айда өмір жолы әрқашан өзендей бір қалпы аға бермейді, кейде толқын ұрып кетуі секілді қиындықтар да орын алады. Оған дәлел алаш зиялылар өмірі. Жаңа айтқанымдай тарихқа да қатыстары бар жандар. Ал сол кездегі біздің тарих өте ауыр кезеңдерді бастан өткеріп жатты. КСРО-құрамына қалай кірдік солай қазақ халқының өмірі 360°-қа дейін өзгерді. Халықты қудалау, алым-салық, құнарлы жерден қуу, көшпеліден-отырықшылыққа көшіру, ашаршылық, одан қала берсе ұжымдастыру, индустрияландыру. Міне осы жағдайдың барлығы халықты әбден жүдетіп жіберді. Ресей өз білімін пайдаланып, қазақтардың білімсіздігін түсініп, біліп қара жұмысқа салып қарсы келгендерін ұрып-соғып өз білгендерін жасады. Үкіметке қарсы шыққандарды қудалап отырды. Ал олардың отбасы-


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
Scanned with CamScanner

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

-лары үшін арнайы лагерлер болды. Оны „Алжир" деп атады. Сен тимесең мен тиме дейтін халық осылай бір сәтте біреудің отарына айнала кетті. Ә.Бөкейхан; А.Байтұрсынұлы; М.Дулатұлы осы (жағдай) жағдайды көре отырып, қалғуғысырып отыра алмай Мемлекеттік Думаларға да қатысты, газет шығарып оған да жазды. Қолдарынан келгеннің бәрін жасады. Алайда істеген еңбектерінің жемісін өздері көре алмай кетті. Отбасын лагерге, өздерін ату жазасына кесті.

Міне осылай алаш жолы басталды, аяқталды. Тәуелсіз, еркін, өз жерімізде еркін тыныс алып, еркін жүруімізге бірден-бір септігін тигізген осы жандарға өмір бақи алғыс айтуымыз міндетіміз. Өздері үшін емес, өз ұрпақтары үшін, барлық жастар үшін еңбек еткен, қан төккен батырларымыз, ақын-жазушыларымыз та алғыс!


ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором kaz 11-07

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Алаш жолы: ұлттың рухты бекіткен ерекше көзқарас

Алаш партиясы - қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылуында, халықтың болашағын жарқын етуде маңызды рөл атқарды. Алаш партиясындағы ұлы тұлғалар мен ойшылдар ұлттың дәстүрді, рухани құндылықтарды сақтап қалуда көптеген қиындықтардан өткені бәрімізге белгілі. Алаш жолы жастарымызға ерік жігер беріп қана қоймай, өршіл рухымызды оятып, алға жетелейтіні сөзсіз. Алаш жолы болашаққа бағдар беруші, ұлттың рухты көтерудің темір қазығы.

Алаш партиясының жетекшісі Әлихан Бөкейхан атамыздың болашаққа деген зор үміті сенімі оның нық сөздері мен болашаққа жасаған орен еңбектерінен байқалады. Ұлы тұлғаларымыздың ұстанымдары, өзіндік көзқарастары адам бойына күш қуат беріп өзіндік көзқарасын қалыптастырады. Қазіргі таңда әлеуметтік желілерден ұлы тұлғаларымыздың рухты сөздері, ұрандары жастар арасында белсенділікке ие. Алаш партиясының өзіндік деңгейге жетуіне көмектескен олардың біртұтас бірлігі. „Бірлік болмай - тірлік болмас" дейді дана қазақ осы айтылған халық даналығы Алаш партиясының өзегі секілді. Алаш зиялыларының ішінде қазақ тілін, әдебиетті дамытуда маңызды рөл атқарған атамыз Ахмет Байтұрсынұлы. Сол қиын кезеңдерде Ахмет Байтұрсынұлы атамыз өз ойын анық жеткізіп, жастарды білім, ғылымға шақырды. Әр қазақтың бойында алаштың өршіл рухы, ұлттың құндылықтары мен көзқарастары қалыптасу қажет. Мағжан Жұмабаев атамыздың қазақ жастарына берер рухты өлеңдері баға жетпес асыл қазына. Мағжан Жұмабаев атамыздың рухты өлеңдерінің ішіндегі танымалы: „Мен жастарға сенемін" өлеңі. Алаш жолында қаншама ұлы тұлғаларымыз, ойшылдарымыз атау жазасына кесілді.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять
ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Жастарымыздың ұлттық көзқарасының, рухының оянуы Алаш жолынан бастау алады деп ойлаймын. Қазіргі таңда көріністерде, кинотеатрларда Алаш партиясының өмірі мен қазаққа жасаған ерен еңбектері қойылып, сомдауда. Алаш жолы: ұлттық рухты оятуда маңызды рөл атқарды.

Қорытындылай келгенде, Алаш жолы тарихымыздағы ұлттық тағылым. Қазақтың ерен тәуелсіздігі мен өршіл рухы осы ұлы тұлғаларымыздан бастау алады. Адам бойындағы ұлттық рухының қалыптасуында олардың қаншама ерен еңбектері, өзіндік ұрандары, ұстанымдары жатыр. Менің ойымша, ұлттық рухты, намысымызды қорғау алаш жолының тарихынан бастау алады. Әрі қарай Алаш жолын тарихын одан әрі зерттеу таныту біздің қолымызда. Алаш жолы ұлттық идеологиямыздың қалыптастырған ұлттық тағылым.


ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
Scanned with CamScanner

Алаш жолы: ұлттық рухты биіктеткен ерекше көзқарас

Алаш сөзін естіген немесе оқыған кезімізде біріміздің ойымызға ең алғаш "патриотизм" терминін келетін болар. Жалпы Алаш сөзі сонау заманнан тарихы бар, рух беретін термин десек те болады. Қазақ халқын туында жауынгерлер-ге рухты беретін де осы бір "Алаш" термині, сол бір кезеңдерде жауынгерлердің ұраны "Алаш" болған.

XX ғасырдың басында құрылған Алаш партиясы біз ұлттық рухты биіктететін бастама десек те болады. Қазақ халқының әділігі жолында құрылған бұл партияның жетекшісі Әлихан Бөкейханұлы. Әлихан Бөкейханұлы қазақ халқының жолында аянбай еңбек еткен тұлғалардың бірі. Дәлірек айтқанда тек Әлихан Бөкейханұлығана емес Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлы секілді ұлы тұлғаларда қазақ халқы үшін еңбек етіп жандарын қиды. Сол бір кезеңдерде қазақтарға жетпейтін ең маңызды дүниелердің бірі "білім" еді. Осы бір жағдайды сол заманғы алаш қайраткерлері, ақын жазушылар, келіп ала отырып, қазақ халқының "көзі ашық, көкірегі ояу" ел болу үшін түрлі шығармалар жазып қазақ халқына рухани демеу берді. Мысалы Абай Құнанбайұлының отыз сегізінші қара сөзінде "Ғылымсыз дүние де жоқ" деп айтып кеткен. Жалпы Абай Құнанбайұлы қазақ халқының надандығын, жалқаулығын ашық түрде өз шығармаларында сынаған. Мысалы Алаш қайраткерлері-нің ішінен Міржақып Дулатұлы қазақтың тұңғыш романы "Бақытсыз Жамал" жазып шығарды. Ахмет Байтұрсынұлы (И.) Крыловтың мысалдарын аударып 1909 жылы "Қырық мысал" атты жинағын шығарды. Осылайша көптеген ақын жазушылар қазақ халқын білімге шақырған. Қазіргі таңда біз осы тұлғалардың арқасында "көзі ашық, көкірегі ояу" жас азаматтар болып өсудеміз. Қазағым елім жерім деп өмірінің соңына дейін қазақ халқының тәуелсіз ел болу үшін өз жандарын қиған "ұлтшыл" деген кісі атанған



ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

ақтың деңдері қазақша қазақы деп тұратыны сақтап, осы бір ұлы тұлғаларды біз ешқашан ұмытпайық!

Қорытындылай келе (айтсам) келсін) айтарым болашақ жастардың, біздің қолымызда қазақ халқының болашағы да біздің жастардың қолымызда. сол үшін бізде, болашақта алаш қайраткерлері секілді, өзінің елін адал (пәк) және де әділетті жаны сүйетін тұлға болып қалыптасып. Қазақ елін пайдалы [illegible] [illegible] болайық!

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором Каz 11-05

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

„Жалған дүние" және „Өмірзая" романдарындағы адам тағдырының бейнелеуін салыстырыңыз.

Адам баласы, қай дәуір болсын, өз тағдырының наразылығын білдіретін тұстар болып тұрады. Және, әр дәуірдің өзіндік қиыншылықтары болады. Сол бір өткен дәуірдегі, қиын сәттерді есімізде сақтау үшін, білуіміз үшін, келер ұрпақ бақытты шақтан, ауыр шақтан өткенімізді білсінші деген оймен қаншама бұлбұлдатқан әншілер, домбыра, қобыздатқан күйшілер, қаламының сиясы біткенше жазған ақын, жазушыларымыз жеткілікті. Солардың жазып қалдырған романдарындағы оқиғалар жан тебірентпей қоймас. Мысал ретінде „Жалған дүние" мен „Өмірзая" романдарын алсақ болады.

Екі романда да, адам тағдырының қиын тұстарын бейнелеген. Жалған дүниеде- Жанұзақ мен Едігенің тағдыр тәлкегіне түскен шақтары бейнеленген. Сонау жолдарында небір қиыншылықты бастан кешіргенін соқыр адамның өзі де байқап, түсінер. Едігенің жағдайды хабар етіп, жариялап, жазғаға келгенімен Кеңес үкіметінің наразылығынан, қарғалауынан, дегеніне, ойлаған ойына, көздеген мақсатына жете алмады. Ал, Өмірзая романындағы Аязханның өмірі құр, таза парақтай бос өткені жүректі сыздатпай қоймас. Сол бір баласының істеген қателіктерін шалдың өзі арқалады ма дерсің. „Сол бір сонау жолдарында небір оқиғаны көрдік. Туғанын, борандай дуылдап жатқан оқтың астына тастағаны қанша, өлем өлімім келген деп арқалап жүргені қанша. Ехх. Қу заман-ай, өмірдің бұлай зуылдап өтерін кім білген"?- деп, шалдың бұлай айтқаны жанына қатты батты. Ойында қалақтап қалып қойды десемде болады. Қарап тұрсақ, екі романда да адам тағдырының



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

қаншалықты ауыр өткені, құр өткені байқалады. Бұл жағдайларға кім кінәлі? Адам ба, жоқ заман ба? Кінәліні ешқашан таппайсың. Адамның сол заманда туылып, өмір сүргені жазықты емес. Ал, заманның сондай болғанына аузыңды ашып бір сөз айта алмайсың.
Иә, айта берсең сөз таусылмас. Жалған дүние, Өмірзая екеуі екі роман болғанмен қайтейін, екеуі де бір мағыналас болды. Тақырыптың өзі, романның қысқа да нұсқа түйіні ғой шіркін.

Сондықтан, ешкімге бас ұрып өкпе айтатын жөніміз жоқ.
Менің ойымша, не болса да авторларымызға бас иіп алғыс айтқанымыз жөн. Себебі, олар бізге роман арқылы тарихымыздың бір бөлігін жеткізді. Жаңа айтқанымдай, ешкімде кінәлі емес. Өйткені, бұл - Өмір! Ал, Өмір болған соң - бәрі болады.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

Алаш жолы: ұлттық рухты биіктеткен ерекше көзқарас

Алаш жолы - қазақ елінің егемендік пен тәуелсіздікке бастау жолында маңызды орын алатын ұйым. Ыстығы мен суығы бірге жүрген бұл ұйым - қазақ тілінің, әдебиетінің және мәдениетінің көркендеуіне үлкен үлес қосты. Қиын қыстау заманда „Қазақ баласының бәрі қалайда білім алуы керек" - деп, бар жаны мен тәнін салған зиялылар „ұлтшыл" деп айыпталып, билік тұрғысынан әділетсіз қарым-қатынасты бастарынан кешірді. Алаш - бұл жәй ғана партия емес, ол елдің, жердің намысын биіктеткен ұлы партия.

Егемендік жолы - оңай болмады. Дәл сол заманда қазақ ұлты жаза білуге, оқи алуға және сауатты болуға ұмтылды. Дамыған әр мемлекет сауатты, білімді болғандықтан жаңалықтар, техникалық құралдар пайда болды. Дегенмен, олардың отарларында ондай мүмкіндік болған жоқ. Қазақ халқының арқауына „Алаш - зиялылары" айналды. Өз елін ойлаған тұлғаларға жаппай қудалау, айыптау және өз елінен, отбасысынан айыру саясаты жүргізілді. Дегенмен, „Алаш" партиясы - елге үміт сыйлады, ұлттық намысты оятты. Бағырғы заманнан келе жатқан қазақ елінің рухы қайта лаулады. Қазақ азаматтары алға ұмтыла алды, тәуелсіздікке қол жеткізе алатынына сенді. Сол сәттегі әр сенім, әр намысты



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

тұлға және әр ерекше көзқарастағы зиялы, бізді қазіргі тәуелсіздігімізге жетеледі.

Қазақ халқы - байырғы заманнан еңбекқор, білімді, ар-намысты халық. Тәуелсіздікке жету жолында көптеген қиындықты басынан кешірген қазақ ұлты, ешқашан берілген емес. Еліміздің батырлардан, хандардан бастап қазіргі таңда президентке дейінгі әрбір тұлғасы аянбай еңбек етуде. Тарихымыздағы ұлы есімдермен біз, қазақ жастары, мақтанамыз. Олардың рухы, талабы, алдына қойған мақсаты бізді алдыға жетелейді. Алаш зиялылары - нағыз қазақ тұлғасының айқын бейнесі. Олар жүріп өткен жол - еркіндіктің бастауы, ел үміті. Алаш жолы - ұлы жол, өзгерісті қалаған және оған қол жеткізген ерекше әрі маңызды жол.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

4. Алаш жолы: "Ұлттық рухты биіктеткен ерекше көзқарас"

Мен қазіргі еркін, бейбіт заманның ұрпағы. Осы бейбітшілікті армандап, келер ұрпақ ел еңсесінде, тәуелсіздік ғасырында өмір сүрсін деп өздерін тәуелсіздік жолында мерт болып кеткен, "Алаш" ордасының қайраткерлерін еске ала отырып, рахмет үндеуін жолдала тұрмын. Алаш 1917 жылы құрылды. Төрағасы: Әлихан Бөкейхан. Бұл ұйымның басты мақсаты КСРО-дан ажырап, өз тәуелсіздігімізді құру. Ұйым мүшелері: Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бейімбет Майлин т.б. Бұл кісілер тек ұлт үшін күресіп қоймай, білім саласына көп еңбек сіңірді. Тәуелсіздік ешқашан оңай жолмен келмейтінін білді. Себебі ол кезде көзі ашық, көкірегі ояу жан болмады, болған күннің өзінде оларды атып, елден қудалады. Сол себепті халыққа ашық ойды жеткізе алмай журнал басылымдары арқылы жеткізуге барын салды. Оларды міне шығармалар арқылы байқаймыз. Міржақып Дулатов "Оян, қазақ" бұл халыққа арнау, халықты ояту, көздерін ашыру. Ахмет Байтұрсынұлы "Адамдық диқаншысы" бұл шығармада автор өзін білім, ғылым шашып жатқан диқаншыға теңейді, бір өкініштісі халық оны түсінбейді. Сұлтанмахмұт Торайғыров "Шәкірт ойы. Шығамын тірі болсам адам болып" 2-шығарманың ойы бір жерден шығады, білім үйрену, халыққа қызмет ету. Өзінің кішкентай ғұмырында халыққа қызмет етіп кеткен Ақын жырдың.

- Алаш рухты жолы. Былай айтуымның себебі Алашты КСРО қуғаласа қанша сындарласа да олар мін қатпай тек алға жүрді. "Тектіден текті туады" - деп бекер айтпаған қазіргі ұрпақта батырларға қарап, {ел} түзеліп келе жатыр. "Өз елінің қара тасын мақтан ете алмаған өзге жердің алтынында мақтан қарттақ емес" бұл сөздің астарында менің айтпағым



ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором Іаг-11-03

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Алаш Ордаға біз секілді терең білім алмаған ауыл молдасынан, бұрыл ауыл қалмаған оқыған біразта ақ кісілердің "Санасы биік болған". Яғни, Өз жерлері үшін барын салды. Ұрандап, жер-жерді аралап, жастарға білім беріп жаңа үміт отын жаққан адамдар. "Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, мен жастарға сенемін" деген ата-бабамыздың сенімі бізге рух, күш беріп болашаққа деген мақсаттарымызды айқын етеді. Бір түйіненімін халқымыздың қамын жеген ұлдарын аңсау емес оларды халық жауы деді. Өкінішті әрине біразта кейінен ақталып, шығармалар, өлең, кітаптары шығарыла басталды. Алаш партиясы біз үшін, келер ұрпақ үшін күрескен, рухы өлмейтін батырлар.
Әлихан Бөкейхан атамыз айтқандай "Тірі болсам қазаққа қызмет етпей қоймаймын" бұл сөз менің рухым, ұраным.
Сіздерге алғысым шексіз қолдарыңыздан келгенін жасап, саналы білім қалдырғандарыңыз үшін. Көзімнің жеткені саналы білім ешқашан өлмейді, ол елдің ісінде қалады деген рас.


ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

Алаш жолы: ұлттың рухты биіктеткен ерекше көзқарас.

Алаш деген сөзді әрбір адам естісе, тұла бойынан найзағай ұрғандай сезім пайда болады. Өйткені, осы сөздің астарында үлкен қан мен тердің белгісі көрінеді. Ұлттың санасына, намысты, табанды және шыншыл, рухты болуына үлкен септігін тигізген. Елдің тәуелсіздігін алып, қазақ деген ұлтты сақтап, Ресейден жерді бөліп алған осы — Алаш арыстары.

Елім, жұртым, қазағым деп талай арысымыз құрбан болды. Ұлт егемендігін сақтап, үлкен қан төккен осы — Алаш. Тағы да айта кететін жайт, ең өкініштісі ұлттың ар-намысты, дәстүрді сақтап қалу үшін — жиырма бес мыңдай қазақтың ұлт үшін күрескен зиялыларын ату жазасына кескен. Ату жазасының себебі, орыстың патша үкіметі осы қазақтардың рухының сынбауынан, қайтпас ержүректілік, табандылығының арқасында осындай күй кештірген. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының және тағы басқа да аталарымыздың сіңірген еңбектері өте көп. Қазақ газетін қанымен жазған — Ахмет Байтұрсынұлы. Сол заманда көбейту мен бөлуді, алу мен қосуды қазақ тіліне аударып, тұңғыш "Қазақ" романын жазған — Міржақып Дулатұлы. Ресей патшасының алдында сөз сөйлеп, ұлттың ұмытылмас мүддесін сақтап, Алаш партиясын құрған, қазақ даласын, қоғамын аман алып қалған, үлкен ерең еңбек еткен — Әлихан Бөкейхан. "Мен жастарға сенемін" — деп Мағжан Жұмабаев атамыз өз сенімділігін жастарға осы өлең арқылы білдіріп кеткен.



...АРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

Және тағы айта берсек, көптеген зиялылардың қазақ елі үшін, ұлттың болмысты сақтауға көп еңбек еткен. Патша үкіметінің кесірінен және жасаған қиындық әрекетімен көп еңбек бағаланбай, қазақ ұлтының оянуынан, көтерілуінен қорқып, (көп еңбек бағаланбай) қазақ кітабының көп бөлігін жарыққа шығармай, жазған адамдарға жалған айып тағып, қудалайтын болған.

Қорытындылай келе, Алаштың еңбегі тарихта өшпестей сақталуы керек. Алаш – ұлттың діңгегі. Әр адамның жүрегінде Алаш сөзі алтын әріппен жазылуы тиіс. Зиялылардың сіңірген еңбектері мәңгі ел жадында. Осындай ел ауыртпалығын өз мойындарына алып, ұлттың болмысы үшін күрескен зиялыларымызды қадірлеп, бағалауымыз керек. Осындай тарихы терең Тәуелсіз елде тұрғаныма мақтан етемін. Тарих пен тәуелсіздігіміздің қандай қантөгіспен келгенін біліп жүрейік! Ел тағдыры – ұлт тағдыры.


ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

Алаш жолы: ұлттық рухты биіктеткен еркін көзқарас.

Алаш жолы - ұлт жолы, дербестікке қол созған ел жолы, қазақтың қамы үшін жасалған еңбектер саусалған жол. Бабаларымыз қалдырған мол тарихымызды білу, рухымыздың биік болуына деген бірден-бір себеп. екені анық.

Мен үшін, бұл жол тек „Алаш партиясы" құрылған уақытта болған ерліктер мен еңбектер емес. Алаш жолы дербес мемлекет боламыз деп, 1465 жылы Ұлы көш жасау тап, және ел болуға бет бұрған Керей мен Жәнібектің заманынан бастау алады. Еліміздің бөтен жұртқа тәуелді болмай, өз ұстанымымыздың, және шекарамыздың өз маңайымызда бодан болмай еркін өмір сүруімізді қамтамасыз етуді мақсат тұтқан кезең нағыз тарихымыздың бастауы.

Әр заманда еліміз үшін қан мен терін төгуге дайын атын алтын әріппен жазуға лайықты тұлғалар болады. Біздің жұрт егемендікке оңай қолы жеткен елдер қатарынан емес. Оған дәлел біздің дербестігімізге ірге тірегін салған Алаш зиялылары, желтоқсан қаһармандары. „Ақ найзаның ұшымен" жерімізді сақтап қалу үшін қаншама тер, аналарымыздың көз жасы төгілген-ді.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner

атысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Ал КСРО кезеңінде өз тарихымыздың жоғалмауы үшін де талай боздақтардан айырылдық. Бабаларымыз „Аттан Алаш!" деп ұрандап сақтап қалған ұлы даламыздың қадірін, Алаш зиялылары сақтап қалады. Бізге дейін жеткен мәдениетіміз, құндылықтарымызды өзімізде қалсын деп ешбір жауға тапсырған емес. Сырттан келген жауға да, іштен шыққан жауға да төтеп бере алған халқымыз.

Қорытындылай келе, батылдығымыз, рухымыздың төмендемеуіне себепкерлер өз тарихымызды тереңірек зерттеуімен толық. Біздің жұрттай мол тарихты, біздің жұрттай ұлтымыз ел жоқ деп ойлаймын.

Осы егемендікті сақтап қалу біздің қолымызда. Бірақ бұрынғыдай найзамен, қылышпен бір-бірімізге атысатын заманда емеспіз. Сол себепті қазіргі қаруымыз ақпараттар оқуы болмақ. Ендігі міндетіміз егемен елімізді сақтап қалып, ұлттық рухты одан әрі биіктету.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Scanned with CamScanner